

## 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың негізгі бағыттары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 маусым N 791

Еліміздің сақтандыру жүйесін кешенді және дәйекті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың негізгі бағыттары мақұлдансын (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 25 маусымдағы  
N 791 қаулысымен  
Бекітілген

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының  
сақтандыру нарығын дамытудың негізгі бағыттары

### 1. Кіріспе

Қазақстан Республикасының егемен мемлекет ретінде еңсе көтеруі қаржы-кредит саласындағы реформаны айтарлықтай жеделдетуді айрықша талап етеді. Сақтандыру жүйесіндегі нарықтық экономикаға көшу жағдайында қаржы-кредит саласының құрамдас бөлімі ретінде оған экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуде маңызды роль берілген. Алайда сақтандыру жүйесін дамыту ісі өндіріс пен қызмет көрсету саласында айтарлықтай алға басып кете алмай отыр, ал қызмет көрсету сақтандырушылардың маңызды міндеті болып табылады.

Елімізде белсенді түрде жүзеге асырылып жатқан нарықтық қатынасқа көшу

нәтижесінде көптеген шаруашылық жүргізуші субъектілер пайда болды. Бұл бір жағынан сақтандыру қызметіне деген тұтынушылық сұранымның өсуіне, ал екінші жағына - кәсіпкерлік қызмет нысаны ретінде сақтандырумен айналысуға мүмкіндік береді. Зілзала апаттарының, әртүрлі кездейсоқ оқиғалардың, шаруашылық қызметтің кез келген саласындағы коммерциялық тәуекелдердің қолайсыз салдарын жою сақтандыру ұйымдарының есебінен жүргізілетін болса, онда мемлекетте сақтандырудың дамуына мүдделі болады, сөйтіп материалдық нұқсанның орнын толтыруға қажет мемлекеттік бюджет қаражаты босайды.

Республикамызда жүріп жатқан реформалар шетел инвесторлары үшін қолайлы жағдайлар туғызуда. Капиталдың сақталуына кепілдік беру жөніндегі сақтандыру сипатындағы шаралар инвестициялық бағдарламаның ажыратылмайтын бөлігі болуға тиіс. Қаржы қаражаттарын ұлттық экономикамызға салудың қауіпсіз шарттары ең алдымен сақтандыру нарығының шаруашылық тетігіне кепілдік береді.

Сақтандыру нарығын дамытудың негізгі бағыттары еліміздің сақтандыру нарығын одан әрі дамыту жөніндегі бірінші кезектегі жалпы мемлекеттік шара ретінде жасалған, әрі Үкіметтің 1996-1998 жылдары реформаны тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының шараларымен үйлестірілген. Мұнда отандық және де шетелдік сақтандыру ұйымдарының, ғалымдар мен мамандардың ұсыныс-пікірлері ескеріліп, сақтандыру қорғанысы жүйесі жұмысының тиімділігін арттыру көзделген.

## 2. Сақтандыру нарығының қазіргі жағдайы

Сақтандыру қоғамының - әлеуметтік-экономикалық қызметі санатының бірі болып табылатындықтан онда еліміздің жалпы экономикалық жағдайының барлық қыншылықтары айқын көрініс тапқан.

Осыған қарамастан Қазақстан Республикасында сақтандыру саласындағы нарықтық қатынасты біртінде қалыптастыру мен тереңдету жүріп жатыр. Бұған еліміздегі тұрақты саяси жағдай мен мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған реформалар ықпалын тигізуде.

Егер 1994 жылы сақтандыру қызметімен айналысу құқығына 22 компания ие болса, 1995 жылдың соңына таман жалпы жарғылық капиталдары 403,7 миллион теңге болатын 53 компания лицензияға ие болды. Сақтандыру операцияларының көлемі де өсуде. 1995 жылы сақтандырудың барлық түрлері бойынша сақтандыру төлемдері 1994 жылмен салыстырғанда 5,9 есе артты және 682,4 миллион теңгені құрады, 195,3 миллион теңге сақтандыру өтемі төленді, бұл 1994 жылға қарағанда 3,6 есе көп. Сақтандыру ұйымдары олардың өздеріне 24,5 миллиард теңгенің мөлшерінде сақтандыру жауапкершілігін қабылдауға мүмкіндік беретін 572,2 миллион теңге сомада сақтандыру резервтерін құрды. Сақтандыру қызметіне деген сұраным құрылымы экономиканың қазіргі заманға нарықтық секторын құрудың ерекшеліктерімен

айқындалады. Қазақстан Республикасы сақтандырушыларының қоржыны негізінен сақтандырудың мынадай түрлерінен тұрады: қызметкерлерді - бақытсыз оқиғалардан және аурудан, өмірді және медициналық сақтандыру - кәсіпорындардың, қаржы тәуекелдерінің, жердегі көлік құралдарының, жүктөрдің, занды тұлғалардың мүліктерінің есебінен.

Сақтандырудың біздің елімізде экономикалық саясаттың нақты құралы, оның қаржы-кредиттік және инвестициялық бағыттарының ықпалды әрі тиімді тұтқасы болуы үшін, оған бірінші кезекте құқықтық негіз беру қажет болды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы жылдарында сақтандырудың құқықтық базасын қалыптастыру және сақтандыру қызметінде нарықтық құрылымды дамыту үшін іргелес қалаған бірқатар заң актілері қабылданды.

Сақтандыру саласындағы монополия 1992 жылы Қазақстан Республикасының "Сақтандыру туралы" Заңының қабылдануымен аяқталды. Бұл заң актісі сақтандыру нарығын қалыптастырудың бастапқы сәті болды. "Сақтандыру нарығын құру мен дамыту жөніндегі ұйымдастыру-құқықтық шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 сәуіріндегі N 1658 Жарлығы сақтандыру қызметін лицензиялауды көздең, ұсақ және тұрлаусыз сақтандырушылардың сейілуіне ықпал етті.

Сақтандыру бизнесінің мемлекеттің өмірлік маңызды мұдделерін шешу және сақтандыру қызметтерін көрсету саласындағы қатынастарды одан әрі реформалау үшін рөлі, халықаралық сақтандыру бизнесіне эволюциялық кірудің зор қажеттігі ескеріле отырып 1995 жылғы 3 қазанда "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы шықты. Осы Жарлыққа сәйкес шетелдік занды тұлғалар мен шетел азаматтары республика сақтандыру ұйымдарының қатысуышылары бола алады. Сондай-ақ қазақстандық сақтандырушылар да өздерінің тәуекелдерін шетелдік қайта сақтандырушыларда тікелей қайта сақтандыруға құқық алды. Ұлттық ашиқ сақтандыру нарығы - бұл тек қана шетелдік капиталдың, білімнің және халықаралық тәжірибелің тасқыны ғана емес, бұл жергілікті және әлемдік нарықтарда шетелдік және қазақстандық капиталдың инвестицияларын қорғаудың кепілі.

Мемлекеттік салық саясатында зор қадам жасалды. Ендігі жерде сақтандырушылар сақтандыру жөніндегі шығындарды салықтық есептеулерге жатқызады және бұл жалпы әлемдік дағдыға сәйкес келеді.

Республиканың сақтандыру ұйымдары - бұл көпшілік жағдайларда акционерлік қоғамдар нысанында құрылған көп салалы компаниялар. Және заңмен, асып кеткенде экономикалық қазіргі жағдайы үшін, жарғылық қордың мөлшеріне талап айтарлықтай арттырылғанына қарамастан сақтандырушылар санының өсуі баяу, бірақ бір қалыпты.

Сонымен қатар, соңғы жылдары азаматтарға ұсынылатын сақтандыру қызметінің ауқымы мен көлемі айтарлықтай азайды. Бұған халықтың әл-ауқатының төмендеуі,

өндірістің құлдырауы, инфляциялық процестер әсерін тигізді. Сақтандыру негізінен сақтандыру субъектілерінің тар шеңберінің (құрылтайшылар, коммерциялық құрылымдар) арасында және сақтандыру принциптеріне толықтай жауап бермейтін жағдайларда (бір ай мерзімге өмірді сақтандыру, мұліктік қайтарымдық сақтандыру) жүзеге асырылуда.

Бұған қоса сақтандыру нарығы алдында инфрақұрылымдардың жоқтығы, сақтандыру ұйымдарының аз қуаттылығы, кадрлардың біліктілігінің жетімсіздігі сияқты проблемалар түр.

Негізгі бағыттармен белгіленген шаралар бірінші кезекте сақтандыру нарығын қалыптастыруға және оның әлемдік сақтандыру шаруашылығына кіруіне ықпал ететін жоғарыда келтірілген проблемаларды кешенді және дәйекті шешуге бағытталуы қажет.

### 3. Сақтандыру нарығын дамытудың негізгі міндеттері

Сақтандыру нарығын дамытудың негізгі міндеттері:

сақтандыру қорғанысымен тәуекелдің барлық түрін барынша қамтуды қамтамасыз ету, халыққа, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдарға, көрсетілетін қызметтердің көлемін кеңейту, жаңа сақтандыру технологияларын енгізу, қазақстандық экономиканың тұрақтылығына үлес қосу;

сақтандыру нарығына Қазақстан Республикасының үкіметінің қаржы тәуекелі жөніндегі кепілдігін біртіндеп беру;

мемлекеттік бюджеттің пайда базасын сақтандыру қызметіне икемді салық салу есебінен толықтыру;

алыс және жақын шетелдердегі халықаралық сақтандыру нарықтарына шығу; шетелдік инвесторлардың Қазақстан Республикасының сақтандыру жүйесіне сенімін нығайту;

тұрақты валютаны жергілікті сақтандыру ұйымдарының өздерінің ұсталымдарын өсіру жолымен шетелге қайта сақтандыру арналары бойынша аударуды барынша қысқарту;

ірі тәуекелдерді, оның ішінде шетелдік және де отандық инвесторларды, конверсиялық, жекешелендіру және инфрақұрылымдық жобаларды, сондай-ақ экспорттық кредиттерді сақтандыруға қабілетті қаржылық тұрақты қазақстандық сақтандыру ұйымдарының желілерін кеңейту;

сақтандыру ұйымдарының банктерімен, құнды қағаздар және жылжымайтын мұліктер нарықтарымен өзара байланысын нығайту;

сақтандыруға деген мемлекеттік шығынды төмендету;

сақтандыру ұйымдарының шетелдің қатысуымен жасалған бірлескен желілерін құру;

мемлекеттік және жекеше, міндетті және ерікті сақтандыруды үйлестіру;

сақтандыру процесінің барлық сатысындағы тәуекелдерді басқару тетігін жетілдіру (тәуекел-менеджмент);

өмірді ұзақ мерзімді негізде сақтандырудың тетіктерін құру;

сақтандыру ұйымдарының сақтанушылар алдындағы міндеттемелерін кепілді орындауы;

меншіктің барлық нысандарындағы сақтандыру ұйымдары үшін бірдей жағдай жасау;

сақтандыру жөніндегі зандарды жетілдіру;

халықтың сақтанушылық мәдениетін қалыптастыру;

шет елдердің тәжірибелерін тиімді пайдалану және қолдану;

сақтандыру ұйымдары қызметкерлерінің оқуларын ұйымдастыру, біліктілігін арттыру болып табылады.

## Сақтандыру нарығы алдында тұрған сақтандыру қызметін дамыту

жөніндегі бағдарлама болуын талап ететін міндеттерді шешу сақтандыру ұйымдарының қызметін одан әрі жетілдірусіз мүмкін емес.

Осы мақсатпен әрбір сақтандыру ұйымдарына 1997-1998 жылдарға арналған жұмыстардың мыналарды қамтитын кешенді бағдарламасын жасауға ұсынылады:

сақтандыру ұйымының жоспарланып отырған кезеңге арналған негізгі міндеттерін айқындау;

осы мақсатта құрылымдық бөлімшелер құрудың орындылығын айқындау;

нарыққа және ондағы өзінің жағдайына жан-жақты талдау жүргізу;

маркетингтің стратегиясын әзірлеу;

қабылданған жоспарлар мен міндеттерді жүзеге асыру.

Дамудың кешенді бағдарламасы:

сақтандыру полистерін сату көлемін арттыру;

операциялардың тиімділігін қамтамасыз ету;

клиенттердің сұрау салуларына кететін уақытты қысқарту;

штаттағы қызметкерлер мен сақтандыру агенттерінің өнімді

жұмыстарын ынталандыру;

сақтандыру полистерін банктер, байланыс бөлімшелері, тұрмыстық қызмет көрсету мекемесі, кәсіптік ассоциациялар мен одақтар арқылы сатудың осы заманғы арналарын іздестіру және тиімді пайдалану жөніндегі шараларды қамтуы қажет.

Сақтандыру нарығын одан әрі дамыту сақтандыру ұйымдарын біріктірудің сан түрлі нысандарын: сақтандыру мен қайта сақтандыру пулдарын, өзара сақтандыру және бірге сақтандыру қоғамын, мамандандырылған ұйымдарды көздейді.

Қазақстан Республикасының сақтандыру заңдары қандай да бір монополистік билеу іс-қимылына тыйым салатынын ескеріп, Қазақстан Республикасының Шетелдік сақтандыру жөніндегі мемлекеттік компаниясын Мемлекеттік сақтандыру ұйымы етіп қайта ұйымдастыру қажет. Осыған байланысты 1996 жылдың III-тоқсанында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Шетелдік сақтандыру жөніндегі мемлекеттік компаниясымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы мәселе жөніндегі ұсыныстар мен құжаттар пакетін ұсынады.

#### 4. Сақтандырудың тиімді жүйесін дамытудың жолдары мен әдістері

##### 4.1. Сақтандырудың заң базасын жетілдіру

Тұрақты да бәсекеге түсे алатын сақтандыру нарығын құру мен дамытудың негізгі шарттарының бірі сақтандыру ұйымдарын құру, жұмыс істеу және жою процестерін қамтамасыз ететін құқықтық негіз болып табылады.

Сақтандыру заңдары еліміздің ішінде де, сол секілді әлемдік сақтандыру нарығында да Қазақстан Республикасына және оның заңдарына деген зор сенімді нығайтуды, қазақстандық сақтандыру ұйымдарының қаржылық жағдайының нығайтуы және олардың сақтандыру қызметін көрсетудің халықаралық нарығына эволюциялық өтуі үшін жағдай жасауы қажет.

Отпелі кезең сақтандыру субъектілерінің оның стандарттарын әлемдік практикада жалпы қабылданғанға, бірақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұдделерін ескеріп жақындастырудың құқық қатынастарын реттеуеші заң актілерін кезең-кезеңмен жетілдірудің қажеттігін күштеп таңатын, қызметінің барлық саласында болатын сапалық өзгерістермен сипатталады.

Осыған байланысты 1996-1998 жылдар ішінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік сақтандыруды қадағалаудың (бұдан әрі - Мемсаққадағалау), сақтандырушылар

бірлестіктерінің тарапынан сақтандыру ұйымдары қызметтерін ашудың, жабудың және оларды лицензиялаудың тетіктері жетілдірілетін болады. Бәрінен бұрын бұл ұйымдастырылатын сақтандыру ұйымының өміршендігін бағалауға мүмкіндік беретін атқаратын қызметтіне сәйкестігіне стандарттар енгізу, қызмет жоспарына, қаржы көздеріне, клиенттік базасына, инвестиция стратегияларына, тәуекелдерді бөлуге, активтердің қоржының құруға, ішкі бақылау процедурасына егжей-тегжейлі талдау жүргізу жолымен сақтандыру ұйымдарының құрылтайшыларына, олардың қаржылық жағдайларына, басшыларының біліктілігі мен беделіне деген талаптарға қатысты.

Қазақстан Республикасындағы кіші әрі орташа бизнестің дамуына көмек көрсету үшін занды тәртіпте өзара сақтандыру қоғамын құрудың мүмкіндігін бекіту қажет. Бұл мақсат үшін 1996 жылдың II-жарты жылдығында Мемсаққадағалау сақтандырушылар бірлестіктерімен бірлесіп Өзара сақтандыру қоғамы туралы ереженің жобасын әзірлейтін болады.

1996-1998 жылдардың ішінде Мемсаққадағалау, сақтандырушылар бірлестіктері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясымен бірлесіп сақтандыру операциясына салық салу мәселесін жетілдіруді сақтандыру ісінің өзіндік ерекшелігін ескеріп зерделейтін болады.

Міндетті сақтандырудың мәселелерін мазмұндайтын республикадағы заң актілерін жүзеге асыру мақсатында Мемсаққадағалау 1996-1998 жылдар ішінде Қазақстан Республикасының тиісті министрліктермен, мемлекеттік комитеттерімен және басқа да атқарушы органдарымен бірлесіп мұнай операцияларын, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін, автокөлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, ауыл шаруашылығын сақтандыруды және міндетті сақтандырудың басқа да түрлерін ұйымдастырудың тәртібі мен оны жүргізудің шарттарын әзірлеуге қатысады.

Сақтандырудың міндетті түрлерін жүргізуді қарастыратын зандар қызметтінің тиімділігін арттыру үшін Мемсаққадағалау 1997 жылдың ішінде "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақ ССР-нің қолданылып жүрген кодексіне занды және жеке тұлғалардың міндетті сақтандыру туралы занды орындағаны үшін жауапкершіліктері туралы толықтырулар бойынша ұсыныс енгізеді.

1996 жылдың ішінде сақтандыру мәселелері бойынша қолданылып жүрген заң және басқа да нормативтік актілерін "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

#### 4.2. Сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын нығайту

Сақтандырушының қаржылық тұрақтылығы сақтанушының мұддесін қорғауды

қамтамасыз етуге қызмет көрсетеді. Сақтанушы сақтандыру оқиғасы болған кезде, оның тартқан зардабының уақтылы және толық өтелетініне сенімді болуы керек.

"Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында сақтандыру ұйымдарының жарғылық қорының мөлшеріне, сақтандыру резервтерін қалыптастыруға және орналастыруға, төлем қабілетіне кепілдікті қамтамасыз ету шарттарына талап көзделген. Мемсаққадағалау мен сақтандыру ұйымдарының қызметі сақтандырушылардың тұрақтылығын және сенімділігін нығайтуға, ұлттық сақтандыру нарығының қалыпты дамуына ықпал ететін осы талаптарды бұлжытпай орындауға бағытталуға тиіс. Осы мақсатта Мемсаққадағалау сақтандырушылар бірлестіктерімен бірлесіп сақтандыру ұйымдарының қаржылық жағдайын бағалау жүйесін (өлшемін) жасайды.

Сақтандырушының сенімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі оның жарғылық қорының мөлшері болып табылады. Бұл көрсеткіштің маңыздылығы сақтандыру ұйымы қызметінің бастапқы кезеңінде айрықша зор. Осыған байланысты жарғылық қордың мөлшеріне деген талап заңмен арттырылды (ең төменгі есептік көрсеткіштен 40 мың кем емес).

1996 жылдың басында көптеген сақтандыру ұйымдарындағы жарғылық қордың мөлшері сақтандыру зандарында көрсетілген нормадан төмен болды. Осыған байланысты сақтандырушылардың қызметі үстіміздегі жылдың аяғына дейін проблемаларды шешуге бағытталатын болады.

Жарғылық қордың мөлшерін арттыру жолдары:

ұсақ ұйымдарды біріктіру немесе қосу;

отандық және шетелдік инвесторларды тарту;

сақтандыру ұйымының ағымдағы қызметінің есебінен толықтыру болуы тиіс.

Бірінші жол ұсақ сақтандырушыларды бір ұйымға біріктіруді немесе олардың базасында ірі сақтандыру компанияларының филиалдары мен өкілдіктерін құруды көздейді.

Сақтандыру саласында нарықтық қатынасқа көшу, ұлттық нарықтың игерілмеуі, сақтандырудың жаңа болашағы зор түрлерін енгізу осы проблеманы шешудің екінши жолын алдын ала айқындауға тиіс.

Қазақстандық сақтандыру нарығын нығайту үшін маңызды рөл тек қаржының жағдайын нығайтуға ғана мүмкіндік беріп қоймай халықаралық тәжірибелі, білімді, жаңа технологияны енгізуге, отандық сақтандырушылардың әлемдік сақтандыру нарығына шығуына, бірлескен кәсіпорындар мен инфрақұрылымдар институттарын құруға ықпал ететін шетелдіктердің қатысуына бөлінеді.

Шетелдіктердің қатысуымен жұмыс істейтін сақтандыру ұйымдары жергілікті және халықаралық нарықтардағы қазақстандық және шетелдік инвестицияның кепілі болуы, зардапты өтеу мәселелерінде бюджетке түсетін ауырлықты төмендетуге мүмкіндік беруі қажет, республика экономикасын сыртқы және ішкі инвестициялардың

құйылуына ықпал етеді.

Сақтандыру жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдары шетелдік заңды тұлғалар мен шетел азаматтарының қазақстандық сақтандыру нарығында сақтандыру операцияларын жүргізуге қатысуының шарты мен нысандарын бір мәнді айқындейді. Олардың жарғылық капиталға қатысу үлесі 50 проценттен аса алмайды. Бұл талап қазақстандық заң жергілікті сақтандырушыларға қатысты біркелкі мемлекеттік қолдаушылық сипатына ие екендігіне куә болады.

Ұлттық сақтандыру нарығында шетел сақтандыру компаниялары тарапынан бәсекелестікті шектеу жөніндегі қабылданған шаралардың орындылығы өзінен-өзі белгілі, өйткені қазір жергілікті сақтандыру ұйымдарының бірде біреуі батыстың сақтандыру нарығы алыптарымен бәсекеге түсуге дәрменсіз. Бұл үшін, сарапшылардың баға беруі бойынша, қазақстандық сақтандыру кәсіпорындары кем дегенде 100-150 миллион доллар сақтандыру резервтерін жинауы қажет.

Қазақстандық сақтандырушылардың капиталды, білім мен жұмыс тәжірибесін жинауына қарай, тең құқықты бәсекелестік үшін алғы шарт пайда болады.

Экономикалық, талдамалық және ұйымдастырушылық жұмыстар мәселелерін қамтитын сақтандырушының тиімділігін арттыру жөніндегі міндеттер кешенін шешу үшінші бағыттың негізі болуы қажет.

Сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын бағалау проблемасы оның жұмысының процесінде барынша өткір тұратын болады және Мемсаққадағалау мен жұмыс тәжірибесі бар сақтандырушылардың міндеті міндеттемелерді орындау үшін күнібұрын белгілі шаралар қарастыруға және қабылдауға мүмкіндік беретін тетіктерді жетілдіруден тұрады.

Сақтандырушының қаржылық жағдайы, оның төлем қабілеттілігі мен сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған міндеттемені орындау мүмкіндігі туралы нақты білу үшін сақтандырушының инвестициялық тәуекелін ескеретін активтердің өтімділігін бағалау кезінде коэффициенттердің арнаулы жүйесін жасау қажет.

Сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын анықтау үшін келешекте сақтандыру саласындағы мамандар мен тұрлі мамандықтардың сарапшыларын біріктіретін және коммерциялық негізде жұмыс істейтін ақпараттық-сараптық талдамалық орталық құру керек. Мұндай орталық жоғары тәуекелдегі аймақта орналасқан ірі, мейлінше қауіпті объектілер мен объектілерді сақтандыруға қабылдау, қажетті статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету, авариялардың, апаттардың және басқалардың салдарынан болған зардалтарды анықтау мәселелерін шешу кезінде сақтандыру ұйымдарына көмек көрсету үшін айрықша қажет.

Сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің жолдары мен әдістері Мемсаққадағалау мен сақтандырушылар бірлестіктерінің бірлескен сақтандыру ұйымдарын қаржылық нығайту жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарында өз көрінісін табады. Бұл жоспарды әзірлеуді және жүзеге асыруды 1996 жылдың

II-жарты жылдығында бастау жоспарлануда. Жоспар сақтандыру ұйымдарының тиімділігін арттыру жолдарын белгілеуі, сақтандырушылардың инвестициялық саясатының артықшылығын және қосымша резервтік қорларды құрудың принциптерін анықтауы, сақтандыру ұйымдарының сақтандыру нарығы инфрақұрылымымен өзара іс-қимылдарының әдістерін қарастыруы тиіс.

#### 4.2.1. Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметі

Сақтандыру резервтері екі функция атқарады: сақтандырушының төлем қабілетіне кепілдік беруге қызмет етеді және ұлттық экономикадағы инвестиациялық қордың маңызды көзі болып табылады. Дұрыс жүргізілген инвестиациялық саясат қаржылық жағдайда нығайтуға, яғни қосымша инвестиациялау үшін бос қаражаттың мөлшерін көбейтуге ықпал етеді.

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сақтандыру резервтерін құрудың көзі тек сақтандыру төлемінен аударымдар жасау болып табылады. "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заң күші бар Жарлығымен бұл аударымдардың мөлшері 25 проценттен кем емес және 90 проценттен артық емес).

Қаржы жылдының қорытындысы бойынша Мемсаққадағалау сақтандырушыларға көмек ретінде сақтандырудың ерікті түрі бойынша сақтандыру қорына аударымдардың мөлшері жөнінде экономикалық негізделген ұсыным (заңда белгіленген норманың шеңберінде) береді.

Сақтандыру ұйымдары өз қызметтерінде активтердің міндеттемелерден асып түсін қамтамасыз етуге ұмтылуы тиіс. Осыған байланысты 1996 жылдың екінші жарты жылдығында Мемсаққадағалаудың тарапынан сақтандырушылардың активтері мен міндеттемелерінің арақатынасының нормативтік мөлшерінің есебі жөнінде ұсыным өзірленетін болады.

Сақтандыру резервтері тек сақтандырушылардың сақтандыру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауларын қамтамасыз ету үшін ғана арналғаны ескеріліп, оның қызметі инвестицияның басымдықты бағытын таңдауға бағытталуға тиіс, сондай-ак нақты депозиттік салымдардың, бағалы қағаздардың және басқа да салымдар түрлерінің тәуекелдігін бағалауға бағытталуы керек.

"Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы Сақтандырушыларды қорғау мақсатында сақтандыру резервтерін инвестиациялау, көлемдердің арақатынасы және орналасу шарттары (диверсификация, қайтармалылық, пайдалылық және өтімділік) жөніндегі бағытты айқындалады.

Инвестициялық қызметтің бағытын таңдау кезінде сақтандырушы өзінің міндеттемелерін орындау жөніндегі шүбесіз кепілдікті қамтамасыз ету үшін инвестиациялық тәуекелдігін азайтуы керек. Сақтандырушылардың ақшаларымен айттарлықтай тәуекелді, оның ішінде күмәнді операциялар жасауға жол бермейтін

тәртіп қолданылуы қажет.

Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметінің болашақтағы бағыты олардың қаржылық нарықтағы түсімділігінің өсуіне байланысты мемлекеттік бағалы қағаздарды иелікке алу болып табылады.

Сақтандырушылардың инвестициялық қызметі оларды тұрғысы мен қайтарымдылық мерзімі бойынша әртүрлі жылжымайтын мүлік объектілері мен жерді тұрақты пайдалану құқығына салу жолымен сақтандыру қорларын инвестиациялаудың диверсификациясын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Бұл инвестицияланатын қаражатты жоғалтудың ықтималдығын барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Банктер құрылымдарының нығауына қарай сақтандырушылардың қорлық қаражаттарды банкілердің депозиттеріне орналастыруы жөніндегі қызметтері одан әрі дамитын болады.

Қазіргі инфляция жағдайында шетел валюталары мен шетел валютасында көрсетілген құнды қағаздар сақтандырушылардың қаражаттарын құнсызданудан қорғайды.

Сақтандырушылардың инвестициялық қызметтерін одан әрі жетілдіру үшін Мемсаққадағалау сақтандырушылардың бірлестіктерімен бірлесе отырып мынадай бағыттардағы жұмыстарды жоспарлайды:

сақтандыру ұйымдары инвестицияның рұқсат етілген бағыттарының тиімділігін зерттеу және оларды неғұрлым икемді және Қазақстан аймақтарының мұдделері мен нақты инвестициялық жағдайын ескеретін қылуға мүмкіндік беретін олардың құрылымы мен арақатынасы жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

сақтандыру ұйымдарының инвестициялық тәуекелін ескеретін активтердің өтімділігін бағалау кезінде коэффициенттердің арнаулы жүйесін әзірлеу және одан әрі түзету. Мұндай жүйе сақтандырушының қаржылық жағдайы, оның төлем қабілеті мен сақтандыру шарты бойынша қабылданған міндеттемесін орындау мүмкіншілігі туралы нақты мағлұмат құруға мүмкіндік береді;

Әмірді сақтандыру нарығын дамыту үшін, яғни азаматтардың ұзак мерзімдік жинақ мұддесін қанағаттандыру мүмкіндігін ескеретін, сондай-ақ мемлекеттің айтарлықтай қаржы қорларын шоғырландыру және халықтың қолындағы ерікті ақша қаражатының қалдықтарын реттеу үшін мемлекеттік құнды қағаздарға еркін ақша қаражатын инвестиациялау тетігі туралы ұсыныс әзірлеу.

#### 4.2.2. Қайта сақтандыру, сақтандыру пулы

Ірі тәуекелдерді қабылдау үшін әзірге жеткілікті қуаты жоқ қазақстандық сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын нығайтудың маңызды элементтері қайта сақтандыру мен қоса сақтандыру болып табылады. Бұлар сақтандырудың қосымша сыйымдылығын құруға, сақтандыру операцияларының тиімділігін арттыруға

мүмкіндік береді, республикаға шетел инвестицияларын тартуда айтарлықтай роль атқарады.

Отандық қайта сақтандыру жүйесін дамыту сақтандыру нарығындағы өз мүмкіншілігін барынша пайдалана отырып ірі тәуекелдерді шетелдік сақтандыру (қайта сақтандыру) компанияларына сенімді орналастыруды қамтамасыз ету бағытында жүргізуі керек.

Колданылып жүрген сақтандыру зандарына қазақстандық кәсіпқой қайта сақтандырушиның сақтандыру нарығындағы орны айқындалмаған, Қазақстан Республикасында қайта сақтандыру тетігінің жұмыс істеу негізі толық күйінде жасалып бітпеген. Мемсаққадағалау мен сақтандырушилар одағы қайта сақтандырудың ұлттық нарығын құру мәселелерін зерделейді және 1997 жылдың I-жарты жылдығында тиісті ұсынысты әзірлейді.

Сақтандырушилардың қызметі өздерінің тәуекелдерін ірі, қаржысы тұрақты ұлттық және шетелдік сақтандыру немесе қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандыруға бағытталуы қажет. Осыған байланысты отандық нарықтағы шетелдік қайта сақтандырушилардың қызметін реттеудің құқықтық нормалары одан әрі жетілдірілуі керек. Мұндай нормалар қатарында: шетелдік қайта сақтандырушилардың компания-цедентке қаражатын ақша нысанында, міндетті депозит ретінде енгізуі, кері шақырылмайтын депозитті Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіне орналастыру, сондай-ақ басқа да талаптар болуы мүмкін.

Қазақстандық сақтандырушилар үшін қайта сақтандырушилардың сенімділігі мен оны анықтаудың өлшемі барған сайын өткір қойылуда. Осыған байланысты Мемсаққадағалау мен сақтандырушилар бірлестігінің алдында қайта сақтандырушилардың сенімділігін қадағалау органының, цеденттің және сақтандыру брокерінің кешенді бағалауы жөнінде ұсынным жасау міндеті тұр.

Өздерінің қайта сақтандыру қызметтерінде қазақстандық сақтандырушилардың Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік сақтандыру, қайта сақтандыру және брокерлік ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерінің қызметтерін пайдаланғандары жөн.

Қайта сақтандыру мәселелері бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру мақсатында Мемсаққадағалау сақтандырушилар бірлестігімен бірлесіп 1996 жылдың IV тоқсанында қайта сақтандыру операцияларын жүргізу тәртібі туралы әдістемелік ұсынмының жобасын жасауы қажет.

Қазақстандық сақтандырушилардың қаржылық ахуалы ескеріліп, ұлттық сақтандыру нарығының сыйымдылығын көнектізу:

мамандандырылған сақтандыру пулдары мен сақтандыру жүйесі;

шетелдік қайта сақтандырушилардың сақтандыру пулына тәуекелдерін қайта сақтандыру кезінде сақтандырушиның өз ұсталымының 5% -тік нормасы жөніндегі заңның талаптарын қолдану арқылы жүзеге асырылатын болады.

Бір текті тәуекелдерді бірлесіп сақтандыру жөнінде күш біріктіру үшін сақтандыру және қайта сақтандыру пулдары қайта құрылатын болады. Бұл жергілікті сақтандыру үйымдарына өздерінің резервтік қорларын ойдағыдай ұлғайтуға, практикалық тәжірибе алмасуына, әлемдік сақтандыру нарығына шоғырлануға мүмкіндік береді. Бүкіл нарықтық ұмтылысының үйлестірілуін барынша талап ететін сақтандыру түрлері пулдардың қызмет өрісі болуға тиіс. Бұл ең алдымен мұнай операцияларын, қаржы тәуекелдерін, азаматтық жауапкершіліктерді, құрылыш-монтаж тәуекелдерін, әуе және су көлігінің құралдарын өрт шаруашылығы өндірісін сақтандыру.

Останық нарықтың барлық сақтандыру сыйымдылығын іске қосу және демек, сақтандыру төлемінің барынша көп ұсталуына жету мақсатында, қазақстандық сақтандырушылардың пулдарын құру және қызметін жүргізу кестесі алғашқы кезенде мынадай болуы мүмкін.

1. Лицензиялары бар жергілікті сақтандыру компаниялары қатарынан мамандандырылған пулдар құру. Пулдың көш басшысы анықталады - ол барынша үлкен жарғылық қорға ие немесе сақтандырудың немесе қайта сақтандыру операцияларының тиісті түрінде барынша мол тәжірибесі бар сақтандыруши. Ол пулдың атынан іс-қимыл жасау құқығына (сақтанушымен келісім жүргізуге, полистерге қол қою құқығы болуына) ие болады.

2. Ұқсас сақтандырулар бойынша стандартты шарттарды әзірлеу, мысалы, теңіз сақтандыруының халықаралық ағылшын нарығымен (Ллойда стандартты полисі, лондондық сақтандырушылар институтының стандартты "ескертпесі").

3. Сақтандырудың осы түріне лицензиясы бар пулдың мүшелері арасында тәуекелді орналастыру. Егер сақтандыру 100 проценттен аз орналастырылған жағдайда, жабылмай қалған қалдық сақтандырудың халықаралық нарығына тікелей немесе шетелдердің қайта сақтандыру брокерлері арқылы орналастырылады.

4. Сақтандыру төлемін пулдың мүшелері арасында бөлу мен сақтандыру шарты бойынша зияндарды реттеуді пулдың лидері жүргізеді.

#### 4.3. Сақтандырудың міндетті түрлерін жүргізу мен ерікті сақтандырудың болашағы бар түрлерін енгізууді үйимдастыру

Сақтандыру нарығын дамыту сақтандыру қызметін көрсету көлемін ұлғайтуды талап етеді.

Қазіргі кезде сақтанушыларға ерікті сақтандыру бойынша шығысты салық ретінде ұстап қалуға жатқызуға рұқсат етілген. Бұл занды құқы бар мекеменің мүліктік өзге де мұдделерін дамыту үшін дем беру болып табылады.

Сақтандырудың міндетті түрлерінің әлеуметтік мәнін ескере отырып, оларды енгізген кезде экономикалық жағдайдың өзгерісі және сақтанушының төлем қабілеті

ескерілуі тиіс. Сондай-ақ жеке де, мемлекеттік сақтандыру ұйымдары да міндетті сақтандырумен айналысу құқығы үшін бәсекеге түсү мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

Мұнай операцияларын сақтандыру болашағы бар деп табылады, оның мақсаты жылу-энергетика кешені кәсіпорындары мұддесінің сақтандыру қорғанысын, техногенді авариялық, технологиялық бөгелістерден, сондай-ақ көмірсугегі шикізаттарды өндіру, қайта өндіреу мен тасымалдау саласындағы шетел инвесторларын сақтандыруды пайда болған залалдарды өтеу бойынша занды және жеке тұлғалардың алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету болып табылады.

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің N 2351 Заң құші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2351 қаулысына сәйкес Мемсаққадағалау "Мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды ұйымдастыру және оны жүргізуін шарттарының тәртібі туралы" Ереженің жобасын жасады.

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңға сәйкес 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап тасымалдаушының теміржол, теңіз, су және облысаралық, республикааралық автомобиль көлігі жолаушылары алдындағы жауапкершілігін, сондай-ақ автокөлік құралдары иелерінің (жоғары қауіп көзі ретінде) үшінші біреуге жол көлік оқиғасы салдарынан келтірген зардабы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру енгізіледі.

Осы мақсатта Мемсаққадағалау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Ішкі істер министрлігі мемлекеттік автоинспекциясының бас басқармасымен бірлесіп "Жолаушылар алдындағы тасымалдаушылардың жауапкершілігін міндетті сақтандыруды ұйымдастырудың тәртібі мен оны жүргізуін шарттары туралы" және "Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің міндетті сақтандыруын ұйымдастырудың тәртібі мен оны жүргізуін шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейтін болады.

Қазақстан Республикасының табиғи-климаттық ерекшелігі мен географиялық жағдайына байланысты селолық тауар өндірушілер қызметтерінің түпкі нәтижесіне қарап міндетті ауыл шаруашылығы сақтандыруын енгізу қажет.

Бұл шара ауыл шаруашылығы өндірісін нығайтуға арналған. Мемсаққадағалау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп осы мәселе жөніндегі тиісті құжаттардың пакетін әзірлейді.

Экологиялық сақтандыру лайықты өз орнын алуға тиіс. Мемлекет пен кәсіпорындарда өндірістегі экологиялық аварияларды болдырмау үшін қажетті шараларға жұмсайтын қаржылардың болмауы қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауына әкеп соқты. Экологиялық сақтандыру зиян келтірушілердің қаржылық жағдайына қарамай-ақ зардап шегушілердің өздеріне заң бойынша тиесілі сомаларын өндіріп алуына кепілдік береді. Осы мақсатқа байланысты Қазақстан Республикасының

экология мен биоресурстар министрлігі мен Мемсаққадағалау 1996-1997 жылдар ішінде экологиялық сақтандыру бойынша эксперимент өткізуді жоспарлап отыр, бұл үшін 1996 жылдың II-жарты жылдығында Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы мәселе жөнінде ұсыныстар әзірлеп, енгізетін болады.

Міндепті медициналық сақтандыру мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасы азаматтары үшін жалпыға бірдей болып табылады және де міндепті сақтандыру қоры арқылы жүзеге асырылады. Ерікті медициналық сақтандыру азаматтардың қосымша медициналық қызмет алуына жағдай жасайтын болады. "Азаматтарды міндепті медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Зан күші бар Жарлығын орындау үдайы бюджет қаражатын бөлуді талап ететіндігін ескере отырып, мемлекет ерікті медициналық сақтандырудың кәсіпқой сақтандырушылардың күшімен дамытылуын барынша құптаиды.

Тұтынушыларды қорғаудың ролі артып, құқықтық қызмет көрсетулердің жандануы өндірушіден сапасыз өнім шығарғаны үшін, сөйтіп нәтижесінде зиян келтіргені үшін төлем ретінде белгілі бір соманы төлеу талап етілуі мүмкін. Бұл тауар өндірушінің тұтынушы алдындағы жауапкершілігін сақтандыру қажеттігіне апарады.

Нарықтық экономиканың дамуы жеке меншік медициналық мекемелердің, адвокаттық кеңселердің, өзге де қызмет көрсететін кәсіпорындардың санының өсуіне әкеп соғады. Бұл ұйымдардың бәрі де қызметкерлерінің өз міндептерін орындау кезінде жіберетін қателіктері салдарынан болған зиян үшін жауап береді. Кәсіпқой жауапкершілікті сақтандыру да қазақстандық сақтандыру нарығынан өзіне тиесілі орнын алуға тиіс.

Банктік депозиттерді сақтандыру проблемасы жеке бір үлкен мәселе болып табылады. 1996 жылы Мемсаққадағалау Ұлттық банкпен бірлесіп, әсіресе бәрінен бұрын ұсақ салымшылар үшін депозиттерді сақтандыру жүйесін ойластырып әрі енгізу жүктеліп отыр.

Сақтандыруды дамытудағы басым бағыт ретінде алдымен өмірді ұзақ мерзімді сақтандыру мен азаматтарды зейнеттік сақтандыруды айтуға болады. Қазіргі кезде сақтандырудың осы түрлерін жүргізетін мамандандырылған компаниялар құрылуда. Өмірді ұзақ мерзімді, сенімді, түсімді сақтандыруды дамыту үшін барлық жағдайларды (экономикалық, қаржылық) туғызу маңызды.

Экономикадағы нарықтық қатынас жағдайында кредиттің ролі де айтарлықтай өседі . Банктер ірі және тәуекелмен байланысты жобаларды кредиттендіру кезінде сақтандыру қорғанысын барынша керексінеді. Банктік операцияларды сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз ету үшін сақтандырудың кредиттердің тәуекелін сақтандыру, заңды да жеке де тұлға ретінде заемшілердің жауапкершілігін сақтандыру сияқты түрлерін дамыту қажет.

Қазақстанның халықаралық нарыққа шығуы табиғи байлықтарды игеруді, жаңа

өндірістерді құруды, осы заманғы технологияларға ие болуды жеделдететін шетелдік және отандық инвестицияларды талап етеді. Шетелдік компаниялар мен отандық инвесторлардың қаражаттарын қазақстандық бизнеске инвестиациялаудың қауіпсіз және пайдалы шарттарын тек сақтандыру, оның ішінде инвестиацияларды сақтандыру жүйесін дамыту ғана қамтамасыз ете алады.

#### 4.4. Сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есеп беруін жетілдіру. Аудит

Сақтандыру органдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есеп беруін жетілдіру кешенді практикалық қызметке Біріккен Ұлттар Ұйымы ұсынған ұлттық есептер жүйесі мен жалпыға бірдей талаптарына жауап беретін және "Бухгалтерлік есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының талаптарына сондай-ақ нарықтық экономиканың талаптарына, жауап беретін жалпы қабылданған халықаралық принциптер мен стандарттарды практикалық қызметке енгізуге мүмкіндік беретін шаралар кешенін білдіреді.

Бухгалтерлік есеп процедуrasesы есептік құжаттамадағы әр операция бойынша барлық ақпаратты тіркеуді, жинау мен жинақтап қорытуды қамтуы қажет.

Мемсаққадағалау сақтандырушылардың төлем қабілетіне бақылау жасау мақсатымен сақтандыру ұйымдарының барлық активтерінің, пассивтерінің, баланстық таза пайдаларының, кірістері мен шығыстарының жалпы жиынтық есептерін құрастыратын және жүргізетін болады.

Сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есептері мен баланстарынан алынған ақпараттар еліміздегі сақтандыру нарығының дамуы, нормативтік ережелердің орындалуы, жағдайына талдау жасау, жоспарлау және бақылау үшін, сондай-ақ занда көзделген ережелерді нақты түрде қолдану жөнінде шешім қабылдау кезінде пайдаланылуы қажет.

Бухгалтерлік есепті жетілдіру сақтандыру қызметі аудитінің ішкі және сыртқы реформасымен тікелей байланысты, өйткені осы соңғысының нәтижесі сақтандырушылардың қызметін бағалау үшін құқықтық негіз және занды және жеке тұлғалар тарапынан сақтандыру жүйесіне деген сенімді қолдайтын қорытындылаушы сәт ретінде қызмет етеді. Бухгалтерлік есеп бойынша әзірленіп жатқан құжаттарда бухгалтерлік есепті, қаржылық есеп беруді және олардың нәтижелерін жариялаудың дұрыстығын барлық жерде және ай сайын тексеруге әкеліп соқтыратын ішкі аудиттің (бақылау) мәселелерін жариялау белгіленуде.

Қазақстандық сақтандыру ұйымдары оларға бухгалтерлік есеп пен аудиттің халықаралық стандарт пен нормасы бойынша өздерінің қаржылық есеп беруін ұсына алғанда шетелдік сақтандыру компанияларымен өзара тиімді ынтымақтастық және шетел инвестициясын елдің сақтандыру нарығына тарту - қазақстандық сақтандыру

ұйымдары оларға бухгалтерлік есеп пен аудиттің халықаралық стандарт пен нормасы бойынша өздерінің қаржылық есеп беруін көрсете алғанда тұрақты болады.

Отпелі кезеңнің қаржы-экономикалық саясаты сақтандыру нарығының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есеп беруін реформалауда мынадай бағыттарды:

қазақстандық халықаралық практиканың, сондай-ақ ол жөніндегі нұсқаулар мен әдістемелік ұсынымдардың талабына сәйкес жасау;

есептің жасалып жатқан стандарттарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметі есептерінің жоспарын қайта қарau;

сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есеп беруін халықаралық стандарттар бойынша есеп беруге аудару жөніндегі жобаларды әзірлеу;

мамандарды кең көлемде даярлау және қайта даярлау сияқты бағыттарын айқындауды.

Сақтандыру операцияларының есептеу жоспарлары мен бухгалтерлік есебінің стандарттарын, сақтандыру ұйымдарының есеп беруінің көрсеткіші мен нысандарын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді. Сақтандыру ісінің ерекшелігін ескеретін аталмыш материалдардың жобасын 1996 жылдың III тоқсанында Мемсаққадағалау әзірлейтін болады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі есептің жоспары мен бухгалтерлік есептің стандарттарын бекіткеннен кейін Мемсаққадағалау сақтандыру бірлестіктерімен бірлесіп сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлерін қайта даярлауға және оларға консультация беруге кіріседі.

1996 жылы Мемсаққадағалау сақтандыру қызметінің ішкі аудитін өткізу тәртібі туралы әдістемелік нұсқауды әзірлейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жаңындағы сақтандыру ұйымдары қызметінің аудитіне қатысты бөлігіне аудиторлық тексеру құқығына арналған лицензия беру жөніндегі мамандандырылған комиссияның жұмысына консультациялық түрғыда қатысады жоспарлайды.

Сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есебі Мемсаққадағалау белгіленген мерзімде аудиторлық тексерудің қорытындысымен бірге табыс етілуге тиіс.

## 5. Сақтандыру жүйесінің кадрлар әлеуетін нығайту

Ұлттық сақтандыру нарығын дамыту, оның әлемдік нарыққа эволюциялық жолмен кіруі үшін сақтандыру ұйымдарының кадрлар әлеуметін түбегейлі түрде жақсарту қажет.

Қазіргі кезең әлсіз оқыту, ғылыми-зерттеу және де ұйымдастыру-әдістемелік базалармен сипатталып отыр.

Сақтандыру ісі жөніндегі шет елдерден түскен үзік-үзік және жүйесіз ақпараттар, сондай-ақ ол жақтан белгілі бір даярлықтан өткен жекелеген мамандар жағдайды түбегейлі түрғыда өзгерте алмайды. Нәтижесінде әрбір дерлік сақтандыру ұйымы өз бизнесін байқап көру әдісі мен қателіктерден құрды. Оның ішінде, қаржы жұмысты,

бухгалтерлік есепті және статистикалық есеп беруді ұйымдастыруды орынсыз өз бетінше әрекет етушілік орын алды.

Сақтандыру жүйесінің кадрлар әлеуетін нығайтуға бағытталған нақты қадамдар: қызметкерлердің білімі мен мамандануына дәйекті түрғыдан талапты жоғарлату; Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің экономикалық жоғары оқу орындарында сырттай оқу нысанының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану; даярлау орталықтары мен біліктілікті жетілдіру курсарында кадрларды жүйелі түрде оқыту;

халықаралық қаржы және сақтандыру ұйымдары ұйымдастыратын семинарлар мен курсардағы тегін немесе женілдікпен оқытудың мүмкіндіктерін пайдалану болмақ.

Мемсаққадағалау, сақтандырушылардың бірлестіктері мен сақтандыру ұйымдары үшін ең бірінші міндет білім беру және оқыту бағдарламаларын жасау болып табылады

Сақтандырушылардың бірлестіктері Мемсаққадағалау жәрдемімен сақтандыру жүйесіндегі кадрларды даярлау мен қайта даярлау мәселелерін шешуді өз мойнына алады, бұған қоса сақтандыру ұйымдарымен бірлесіп сақтандыру ұйымдарының қызметкерлерін қайта даярлау үшін шетелге тұрақты жіберіп тұруды жоспарлайды.

1996-1998 жылдары Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Мемсаққадағалау, Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Ақмола қаржы колледжі және мемлекеттік емес оқу орындары тараптарынан сақтандыру қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіру курсарын ашу, "Сақтандыру" мамандығы бойынша құндіз және сырттай оқыту топтарын ашу және қалпына келтіру, сақтандыру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мәселелері пысықталатын болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен халықтың өндірісті, кәсіпкерлікти, отбасылық әл-ауқатты оқыс оқиғалардың жағымсыз салдарынан сақтандырулық қорғаудың қажеттігін саналы түрде ұғынған сақтану мәдениетін қалыптастыру жөнінде мақсатты бағытталған науқандар өткізу мәселесі түр.

Қазіргі кезең - сақтандыру нарығының қалыптасу кезеңі Мемсаққадағалау мамандарына жоғары талаптар қоюда. Бұл талаптар нормативтік және әдістемелік материалдарды біліктілікпен әзірлеудің қажеттігінен туындейды, сапалы қадағалауды және кеңес беруді жүзеге асырады. Бұл мәселелерді шешу үшін Мемсаққадағалау Еуропалық ТАСИС одағының Бағдарламасы шенберінде Мемсаққадағалаудың кадрларын даярлауды және қайта даярлауды жоспарлауда.

## 6. Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту

Қазіргі уақытта республиканың сақтандыру компаниясы сақтандырушылардың өздерінің функцияларын жедел әрі кәсіби дәрежеде орындауына жәрдемдесетін ұйымға ие бола алмай отыр, яғни сақтандыру нарығының инфрақұрылымы дамымай отыр.

Мемсаққадағалау мен сақтандырушылар бірлестіктерінің міндегі - таяу жылдарда осы инфрақұрылымның негізін қалап, тәуелсіз сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру сюрвейерлері - сақтандыру обьектілерін кешенді бағалау жөнінде тәуелсіз сарапшыларының, мамандандырылған құқықтық тәуелсіз регрестік фирмалардың, электронды сақтандыру биржасымен, рейтингтік агенттіктің, кеңес беру-талдау орталығының, актуарлық есеп айырысу орталығының, сақтандыру қызметі бойынша тәуелсіз аудиторлық фирмалардың, Мемсаққадағалаудың ақпараттық-есептеу жүйесінің пайда болуына мүмкіндік жасау.

Толыққанды сақтандыру нарығын құру сақтандыру брокерінің қатынасуыныз мүмкін емес. Өкілдіктер мен филиалдардың тораптарының тармақталмауы, техникалық құралдардың шектеулі, шетел нарығы туралы ақпараттың жетімсіздігі жағдайында, әсіресе брокерлік, сақтандыру ұйымдарының қызмет көрсетуіне деген сұраным ерекше байқалатын болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін шетел сақтандыру брокерлері компанияларының тәжірибелері мен білімдері, сол сияқты әлемдік сақтандыру нарығының тәжірибесі де кеңінен пайдаланылатын болады.

Казіргі уақытта сақтандыру брокерлерінің қазақстандық сақтандыру нарығындағы орны әлі айқындалған жоқ. Сақтандыру брокері қызметінің тәртібі мен шарттарын, функциясын, құқы мен міндегін айқындастын қандай да бір нормативтік құжаттар болмай отыр. Мемсаққадағалаудың бұл мәселе жөніндегі көзқарасына қатысты шешуші ережелері 1997 жылдың III тоқсанында Мемсаққадағалау әзірлеп бітіретін нормативтік құжатта өз көрінісін табатын болады.

Сақтандыру ұйымдарына оңтайлы басшылық жасаудың проблемасы көбінесе қаржылық ақпараттардың сапасына тәуелді. Мұндай ақпаратқа деген сенім оның сенімділігі мен нақтылығы туралы тәуелсіз аудит қорытындысы бар болғанда ғана арта түседі. Аудиторлық есеп беру сақтандыру ұйымдарының акционерлерін олардың капитал жұмсауының тиімділігі туралы хабардар етіп сақтандырушының қаржылық есеп беруіне деген олардың сенімін нығайтады.

Сақтандыру қызметінде қаржылық және шаруашылық операцияларын жүргізу дің өзіндік ерекшеліктері бар болғандықтан және аудит қызметтерінде сақтандыру ісі жөніндегі мамандардың жоқтығынан тәуелсіз сақтандыру аудитін жедел құру қажеттігі де туып отыр.

Мемсаққадағалау 1996 жылдың III тоқсанында Мемсаққадағалаудың мамандарының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы аудиттеу жөніндегі біліктілік комиссиясына қатысу мәселесін шешеді.

Электрондық сақтандыру биржасының мақсаты - Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығының мұддесін ескере отырып міндегі тәуекелдерді сату мен қайта сату. Ол сақтанушылар мен сақтандырушылар арасында делдал болып табыла отырып, сақтандыру пулдарының қызметінде маңызды роль атқарады. Бұған сақтандыру

объектілері міндетті сақтандырудың нақты бір түрінде жауапты ұйымдар арқылы, сондай-ақ өз тәуекелдерін қайта сақтандырысы келетін жеке сақтанушылар мен сақтандыру ұйымдары арқылы да қойылады.

Телекоммуникацияларды қоса ақпараттық технологиялар сақтандыру өнімдерін сатып өткізу мен одан әрі қызмет көрсетудің принциптерін өзгертіп отырады.

Технология әлеуетін толық пайдалану үшін қажетті жүйені иемденген ұйымдар ғана табысқа жете алады. Телекоммуникацияның жақсы жетілдірген жүйесі бас оғистер мен сақтандыру ұйымдарының филиалдары, делдалдар мен сақтанушылар арасында қарапайым, экономикалық байланысты және деректің кең көлемдері мен басқа да ақпараттардың берілуін қамтамасыз ету үшін қажет. Мемсаққадағалау мен сақтандырушылардың бірлестіктеріне шығатын бірыңғай торапқа шығатын ақпарат желісі Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының жай-куйіне тиімді бақылау мен талдау жасауға, сондай-ақ осы ақпарат технологияларын әлемдік қаржы орталықтарының сақтандыру ақпаратының дүние жүзілік телекоммуникациялық желісіне шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Республиканың сақтандыру нарығын реттеудің және өзін-өзі реттеудің ықпалды құралдарының бірі сақтандыру ұйымдарының рейтингі болып табылады. Рейтинг - сақтандыру нарығындағы ашық бәсекелестіктің шарты және ол сақтанушының материалдық иелігін сеніп тапсыратын сақтандыру ұйымын түсіністікпен таңдау жасауы үшін қажет. Рейтинг қандай да болмасын сақтандыру ұйымдарының қаржылық көрсеткіштері мен қоғамдық қызметінен біртіндеп жинақталуға тиіс. Ол сақтандыру компанияларының бұқаралық ақпарат құралдарындағы сақтанушыларға жиі жалған хабар беретін көптеген өзін-өзі жарнамалашына қарсы тұратын болады. Рейтинг қазақстандық және әлемдік сақтандыру нарығының өзара іс-қимылышының болашағы үшін маңызды. Осыны есепке алған Мемсаққадағалау 1996 жылды рейтингтік агенттік құруды ойластырып отыр.

1997 жылды сақтандыру ұйымдары тиесілі тәуекелдерді сақтандыруға қабылдау кезінде басшылыққа алатын сыйақылы ставкаларына есеп айырысуы жүзеге асыратын актуарлық есеп айырысу орталығы құрылатын болады. Бірнеше жылдар бойы іс жүргізу статистикасына негізделген экономикалық жағынан өзін-өзі ақтайтын тарифтік ставкалар сақтандырушылар мен сақтанушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты айқындастырын болады.

Сақтандыру саласында жедел ақпарат алу үшін, сақтандыру нарығының жұмыс істеуі мен дамуының әртүрлі қырларын зерттеу үшін 1998 жылға қарай Мемсаққадағалаудың жанынан Консультациялық - талдау орталығын құру қажет.

Сақтандыру қызметін көрсету спектрінің кеңеюіне, таяу уақытта Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында күрделі тәуекелдердің пайда болуына байланысты, міндеттіне сақтандыру оқиғасының пайда болу себебін, келтірілген зиянның мөлшерін, өндіріп беруге жататын сақтандыру сомасының көлемін айқындаі

кіретін тәуелсіз сақтандыру сарапшыларының институттарын құру қажеттігі туып отыр

7. Мемсаққадағалау мен сақтандыру үйымдарының  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен  
және қаржылық институттарымен өзара іс-қимыл жасауы.

Сақтандырушылардың бірлестігі

Мемсаққадағалау мен сақтандыру үйымдарының Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісімен, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясымен, Қаржы-валюта комитетімен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетпен, Қаржы-валюта бақылау комитетімен және екінші дәрежедегі банкілермен өзара іс-қимыларының негізгі мақсаты мыналар болып табылады:

сақтандыру нарығының қаржылық-инвестициялық саладағы және тұластай экономикадағы орны мен ролін айқындау;

сақтандырушылардың сақтандыру мен қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін қолайлы валюталық және есеп айырысу режимдерін қамтамасыз ету;

сақтандыру институты арқылы Қазақстан Республикасының сыртқы кредиттер мен инвестициялар алуы үшін барынша қолайлы қаржылық жағдайлар жасау;

кредит берушілер мен банктердің салымшыларының мүддесін қорғау, банктерге деген сенімді арттыру, сақтандыру арқылы банктік сектордағы тәуекелді төмендету;

сақтандыру шарттары бойынша барлық трансакциялардың өту есебін алуды жүзеге асыру;

инвестициялық қызметтерді жүзеге асыру;

сақтандыру операцияларының салық салу жүйесін жетілдіру;

бағалы қағаздар нарығындағы қызмет.

Бағалы қағаздар нарығы мен сақтандыру қызметін көрсетудің қалыптасуы өзара тығыз байланысты, өйткені республиканың сақтандыру үйымдары сақтандыру резервтері қаржыларының 80 процентіне дейін мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялауға құқылы бағалы қағаздардың эмитенттері болып табылады. Басқа жағынан алғанда, дамыған қағаз нарығы сақтандыру қызметіне деген сұраным да туғызады.

Жоғарыда айтылған факторларды ескеру Мемсаққадағалау мен сақтандыру үйымдарының Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиямен өзара қарым-қатынасының негізін құрайды.

1996 жылы Мемсаққадағалау мен Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар

жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздар нарығында қаржы тәуекелдерін сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына қойылатын өлшемдер мен талаптар жөніндегі әдістемені өзірлейтін болады.

Бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеу процесінде бағалы қағаздарды шығару мен сатып алуша кәсіпқойлық қызметпен байланысты сақтандыру тәуекелдерін қамтамасыз ету қажеттігі пайда болады. Осыған байланысты Мемсаққадағалау Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиямен бірлесіп әмбенттерді, инвесторларды сақтандыру және бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысуышыларының жауапкершілігі мәселелері жөнінде бірлескен құжаттарды өзірлейтін және қабылдайтын болады.

Каржы институттары нарықтық қатынастарды қалыптастыруды шешуші роль атқарады. Осыған байланысты банкі мен сақтандыру капиталы арасындағы өскелен байланыс байқалуда. Бұл заңды құбылыс, өйткені банк жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі сақтандыру ұйымдарының да қаржылық тұrlаулылығының кепілі. Өз кезегінде сақтандыру институты банк қызметіндегі тәуекелдің төмендеуіне ықпал етеді, ал сақтандырушылар банктік депозиттердегі инвестициялардың ірі көздері болып табылады.

Сақтандыру ұйымдарының қызметі банк құрылымдарымен одан әрі жақындасуға, банктер саласында сақтандыру қызметінің кең спектрін көрсетуге, және банктерге сақтандырушылардың қаржыларын тиімді түрде орналастыруға бағытталатын болады.

Сақтандыру нарығын үйлестіру мәселесінде сақтандырушылардың бірлестіктеріне маңызды рөл беріледі.

Сақтандырушылар бірлестіктер қызметінің мәні мыналар болып табылады:  
сақтандыру қызметін реттейтін заңдар мен нормативтік актілерінің жобаларын әзірлеуге қатысу;  
сақтандыру заңдарына талдау жасау және оларды қолданудың практикасын қорыту;

өз мүшелерінің заң шығару және атқарушы үкімет органдарындағы, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардағы, соның ішінде шетелдердегі мұддесін білдіру;  
сақтандыру ісін дамыту мәселесі бойынша ақпараттар алмасуды ұйымдастыру және жәрдемдесу;

сақтандыру нарығының әртүрлі дәрежедегі білім беру мекемелерін құруға жәрдемдесу;  
сақтандыру жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесу;  
Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдерде сақтандыру ісін оқып-үйренуіне жәрдемдесу, оқыту және кеңес беру үшін шетел мамандарын шақыру;  
ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу;  
сақтандыру бойынша баспағерлік қызмет.  
Сақтандыру нарығын дамытудың маңызды тұсы ізгі халық пен кәсіпкерлер

тарапынан оң қатынас қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатпен сақтандырушылар бірлестігі сақтандыру ұйымдарымен бірлесіп бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық науқан ұйымдастырады, сақтандыру жөнінде тоқсан сайын ақпараттық бюллетені шығаратын болады. 1997 жылдан бастап Қазақстан сақтандырушыларының ассоциациясы "Алматы халықаралық сақтандыру тобы" сақтандыру компаниясымен бірлесіп "Қазақстан сақтандырушысы" газетін, ал 1998 жылдан бастап "Қазақстанның сақтандыру ісі" журналын шығаруды ұйымдастыруды жоспарлауда.

## 8. Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу мен қадағалау жүйесі

Нарықтық экономика сақтандыру нарығының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында оның экономика, өндіріс үшін, азаматтар мен шаруашылық жүргізуінің субъектілердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы маңызын ескере отырып, сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеуді көздейді және кеңінен пайдаланады.

Сақтандыру қызмет көрсету нарығының құрылу және қалыптасу кезеңіне тән жағдайларда реттеуші мен қадағалау органдарының рөлі мен маңызы сан мәрте артады.

Сақтандыру қызметі тұтынушыларды қорғау жүйесінде бірнеше ерекше проблемалар тұрғысында көрініп, Мемсаққадағалау тарапынан мынадай функцияларды атқаруды көздейді:

- сақтандыру зандарының орындалуына бақылау жасау;
- сақтандыру қызметін лицензиялау;
- сақтандырушылардың қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілетіне тексеру мен талдау жасау;
- сақтанушылардың мүддесін қорғау.

Осы және өзге де функцияларды орындау шенберінде Мемсаққадағалау "Қазақстан Республикасының аумағындағы сақтандыру қызметін лицензиялау туралы" ереженің жобасын жасады оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынды.

Сақтандыру зандарының орындалуына қадағалаудың тиімділігін арттыру мақсатымен Мемсаққадағалау "Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензияға ұйғарым берудің, тоқтатудың және қайтарып алушың тәртібі туралы" ережені және Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп "Сақтандыру қызметі туралы" 1-СЕ және 2-СЕ статистикалық есептіліктің нысанын әзірледі.

Міндетті сақтандыру туралы зандардың сақталуына пәрменді бақылауды жүзеге асыру үшін Мемсаққадағалау 1996 жылдың III тоқсанында міндетті сақтандыру операциялары бойынша тоқсандағы статистикалық есептілігі нысандарының жобасын және оларды толтырып жазуды әдістемелік нұсқауларын әзірлейтін болады.

Сақтандыру саласында бірыңғай әдістемелік саясат жүргізу мақсатымен Мемсаққадағалау 1996-1998 жылдар ішінде кезең-кезеңімен ерікті, жеке және мұлікті сақтандыру мен сақтандырудың тәуекел түрлері бойынша сақтандыру тарифінің есептеу әдістемелерінің түрлері жөніндегі үлгілік ережелерінің жобаларын әзірлейді.

1996 жылы Мемсаққадағалау аса маңызды міндеті - қадағалау бойынша жоғары білікті мамандар даярлау, сақтандыру ұйымдарын тексерудің нысандары мен әдістерін егжей-тегжейлі әзірлеу және бір ізге салып жүйелеу жөніндегі қызметтер құру, сақтандырушылардың қаржылық хал-ахуалына активтер қоржынының сапасына, инвестициялардың тиімділігіне, ішкі бақылаудың тиімділігіне қарапайым тексеру жасаудан төрөн талдау жасауға көшу болуға тиіс. Бұған сондай-ақ 1997-1998 жылдары Мемсаққадағалаудың аймақтық белімшелерін құру да игі ықпалын тигізеді.

Сақтандыру қадағалауын жүзеге асыратын ТМД елдерінің ведомстволарымен ынтымақтастық байланыстар тереңдетілетін болады. Мемсаққадағалау туралы Ереженің баптарымен айқындалған міндеттерді орындау мақсатында Мемсаққадағалау өкілдері сақтандыру мәселелері бойынша халықаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеу мен іске асыруға қатысатын болады.

Сақтандыру қызметін реттеудің нормативтік базасын одан әрі жетілдіру қажеттілігін, сақтандырушыларда да, сол секілді Мемсаққадағалауда да қазіргі заманға сай жеткілікті тәжірибелін алмауын ескере отырып, Мемсаққадағалау сақтандыру бизнесін дамытудағы орын алған кемшіліктерді анықтап, олқылықтарды жою жөніндегі бағытта да сақтандырушылармен өзара тіл табысады нығайту ниетінде.

1996 жылы Мемсаққадағалау мен сақтандырушылар бірлестіктері шешуге тиіс сақтандыру ұйымдарының алдында тұрған басты проблемалардың бірі - ол сақтандырушылардың жарғылық қорларының мөлшерін занда белгіленген нормаға жеткізу.

Мемсаққадағалау қызметінің басым бағыты - сақтандырушылардың бірлестіктерімен және Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарымен сақтандырудың нормативтік-құқықтылық базасын жетілдірудегі бірыңғай әдістемелік ыңғай қамтамасыз етудегі бірлескен жұмыс, сондай-ақ сақтандыру қызметінің жаңа бағыттарын айқындау болады.

Сақтандыру қызметін көрсету нарығының дамуына қарай, Мемсаққадағалаудың сапалы қадағалау мен реттеуге бағытталған жұмысының тәсілдері де жетілдіріле беретін болады.

### Қорытынды

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың 1996-1998 жылдарға арналған негізгі бағыттарын әзірлеу белгілі бір қындықтармен байланысты болды, өйткені республикада қазіргі уақытқа дейін сақтандыру ісі саласында байыпты

талдаулық зерттеулер жүргізілген жоқ, бірқатар мәселелер бойынша толық та сенімді ақпараттар жетіспейді.

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың негізгі бағыттарымен белгіленген мақсаттарға жету тек реформаларды, әсіресе жекешелендіруді жеделдету мен бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру бөлігінде тереңдету, кәсіпорындарды реформалау, монополиясыздандыру мен бәсекелестік ортасын құру, әлеуметтік қорғау мен кадрлар даярлау жүйесін құру жөніндегі Үкімет Бағдарламасының негізгі ережелерін жүзеге асырған жағдайда ғана мүмкін екенін атап өткен жөн.

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың негізгі бағыттарында көзделген шараларды жүзеге асыру сақтандыру нарығы алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады, оны сапалы жаңа деңгейге көтереді және оның бұдан әрі дамуына мүмкіндік жасайтын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК